

БЕКІТЕМІН

**«Атырау облысы Білім беру
басқармасы» ММ
басшысының міндетін
атқарушы**



Байдошев Т.Ғ.

2023 жылғы «12» шілде

**«Атырау қаласында жалпы білім беретін мектептерді салу және пайдалану»
МЖӘ жобасы бойынша екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті
айқындау бойынша конкурстың бірінші кезеңінде әлеуетті жекеше әріптестердің
техникалық ұсынысын әзірлеу және ұсыну бойынша
ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА**

МЖӘ жобасының мақсаты: Атырау қаласында жаңа жалпы білім беретін мектептер салу қажеттілігін шешу және өңірдегі орта білім беру саласындағы оқу орындарының тапшылығы деңгейін төмендету жолымен халықтың қажеттілігін қанағаттандыру.

МЖӘ объектісінің сипаттамасы: жобада жекеше әріптеспен 2 лотқа бөлінген 2000 орындық екі мектеп салу көзделіп отыр:

* «Ақшағала» ш/а №1 көшеде орналасқан, кадастрлық №04-066-016-1011 бар № 4/5 ғимарат белгісі;

* Атырау қаласы, Г.Канцев, Доссор, Чайковский және К.Әзірбаев көшелерінің қиылысу ауданы («Драмтеатр» ш/а), учаскенің ауданы 3,5 га құрайды.

Әлеуетті жекеше әріптестердің техникалық ұсыныстарды ұсыну талаптары мен нысаны: қолданылатын жобалық шешімдер ҚР ҚНЖЕ, ҚР ҚН, сондай-ақ технологиялық шешімдердің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

ҚР ұлттық және үкіметтік емес стандарттарының техникалық ұсыныстарын әзірлеу кезінде қолдану туралы талап (олар болған кезде):

Жобалауды талаптарға сәйкес жүргізу:

- ҚР ҚН 3.02-11-2011 «Жалпы білім беру ұйымдары»;
- ҚР ҚН 2.02-01-2014 «Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі»;
- ҚР ҚН 3.06-11-2011 «Халықтың мобильділігі төмен топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау»;
- БК 3.01-01-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық пункттерді жоспарлау және салу»;
- ҚР ҚН 3.01-05-2013 «Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру».

Техникалық талаптарға сәйкес мақсаты бойынша функционалдық-педагогикалық құрылымға сәйкес бөлек топтар көзделсін: бастауыш сыныптар тобы, тиісті пәндер бойынша оқу және мамандандырылған кабинеттер тобы, жалпы мектептік үй-жайлар тобы, оқу-спорттық, әкімшілік-қызметтік.

Сондай-ақ, заманауи құрылғылар мен жабдықтарды қолдану қажет.

Техникалық ұсыныстарды ұсыну мерзімі: 2023 жылғы 15 қыркүйек күні сағат 13:00-ге дейін (әсергілікті уақытпен).